

09. 09. 2019. ж.

«Дархан дала құндылығы»

ҚР үшін туризм саласының маңыздылығы жоғары. Туризм елдің экономикалық, саяси, табиғи, әлеуметтік-мәдени факторларына да ықпалын тигізеді. Туристік индустрия әлемдегі ең ірі және қарқынды дамып отырған

салалардың бірі. Осы сала арқылы әлемде қаншама мемлекет дамыған және де бай елдердің қатарына қосылып отыр. Дүниежүзінде туризм кіріспен табыс бойынша үшінші орында тұр. Сондықтан да, мемлекет дамуы үшін ішкі және сыртқы экономиканың көзі ретінде туризмді дамыту қажет. Біздің елімізде де туризм қарыштап дамып келеді. Жыл сайын, елімізді тамашалауға келетін туристердің саны артуда, сонымен қатар аңшылық туризмге бет бұрған азаматтар да көп.

27 қыркүйек –

Дүниежүзілік туризм күні.

Осыған орай, өнер секторында «Дархан дала құндылығы» атты арнайы көрме ұйымдастырылды. Көрме екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде, осы саланың тарихы мен даму жылдарын баяндайтын әдебиеттер, мерзімді басылмалар беттеріндегі деректер топтастырылған. Екінші бөлімде, біздің еліміздегі туристік нысандардың фотосуреттері мен фотоальбомдары оқырманға жол тартты.

